


Тынышбек ДАЙРАБАЙ



Сирдани,

сирли

сирси

84(5Қаз)

А-14

Тынышбек ДАЙРАБАЙ

СЫРДЫҢ СЫРЛЫ СЫРЫ



Handwritten signature in blue ink.



АРЫС

Алматы

2005

ББК 84Қаз7

Д 14

Д 14 Дайрабай Т. Сырдың сырлы сыры. – Алматы: “Арыс” баспасы, 2005. – 496 бет + 24 бет суретті жапсырма.

ISBN 9965-17-285-4

“Сырдың сырлы сыры” тарихи баян. Бұл кітапқа зерттеуші, журналист, этнограф Тынышбек Дайрабайдың қырық жыл бойғы ел аузынан жинаған әңгімелері мен мұрағат деректері бойынша түрлі басылымдар мен жинақтарда жарияланған әр жылдардағы мақалалары еніп отыр.

Бұл кітаптан оқырман Сыр елінен шыққан пірлер, ахундар, билер және батырлар, ақын-жыраулар, қоғам қайраткерлері, зиялы адамдар өмірінен мол мағлұмат алады.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

ББК 84Қаз7

392871

Ө. Тәжібаев атындағы
Қызылорда облыстық
Әмбебап ғылыми
кітапханасы

4702250200
Д 446(05)-05

ISBN 9965-17-285-4

© Дайрабай Т., “Арыс”, 2005

КЕШЕ МЕН БҮГІННІҢ КІТАБЫ

Сырдың бойы — шежіре, тұнған тарих. Ол шежіре, тарих ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, жер қабаттарындай қалыңдай берген, қалыңдай берген. Белгілі қаламгер Тынышбек Майлыбайұлы Дайрабай өзінің көлемді туындысын “Сырдың сырлы сыры” деп атапты. Атандай жүк көтерген бұл атауға ойлана ұзақ қарап отырдым да: “Шынында Сырдың сырын бір ақтарса, осы Тынышбек ақтаратын шығар”, — деген тоқтамға келдім. Өйткені ол жас кезінен зерделі зерттеуші, халық қазынасын ыждаһаттап — жинаушы атанған азамат. Бұл кітап оның қырық жылғы еңбегінің жемісі.

Тынышбек Дайрабайдың қалам сілтемеген тақырыбы жоқ. Ол мақалалардың барлығы дерлік кезінде республикалық газет-журналдарда, жеке жинақтарда, Қазақ ұлттық энциклопедиясының томдарында жарық көрді. Міне, соларды саралап, жинақтап, жүйелеп, тың туындыларымен толықтырып, мазмұнды кітапты дүниеге әкелген. Кітапта қазақтың әлденеше қанатты киіз үйі сияқты. Оның да өзіндік шанырағы, уығы, керегесі болады. Соны осының бірінсіз кез алдыңызға елестетіп көріңізші, не болар екен!?

Аталмыш кітап сондықтан да жеті тарауға жіктелген. Әр тарау қаланған кірпіштердей кірігіп, бір берік ғимаратты кез алдына алып келеді. Бастапқы тарау — “Балалықтың базары” автордың балалық шағынан бастап, ата болған кезеңіне дейінгі ғұмырнамасынан сыр шерткен. Өзінің кіндік қаны тамған “Жаңаталап” ауылының көне көз қариялары, замандастары, туған топырақтың кешегісі мен бүгінгі түгел қамтылған.

Кітаптағы мақалалардың тарихи, танымдық мәні бар екенін “Пірлер мен ахундар”, “Батырлар мен билер” хақында”, “Әр жылдардан үзік сыр” деген тараулардың атынан да анық байқауға болады.

Тынышбек Дайрабай тынымсыз жан, елді, жерді көп аралайды, қарттармен де, жастармен де көп сөйлеседі. Кітапханаларды мұрағатханалардың “қазба байлықтарын” армансыз ақтарады. Тың деректері барларын түртінектен жазып отырғаны. Сондықтан да кітап “Сырдың сырын ақтарған” деп бір өңір, бір аймақтың атымен аталғанымен


де, тарих, шежіренің әр “аймағын” қамтиды. Мысалы, Самарқанд билеушісі болған Жалаңтөс баһадүр, Ырғыз өңірін билеген Алмат Сардар, Сырдария өзенінің төменгі жағындағы өңірде өмір сүрген Қорқыт ата, Санкт-Петербург, Ташкент, Перовск, Самарқанд қалаларында қызмет еткен, қоғам қайраткері, этнограф, ғалым Сералы Лапин сияқты тарихи тұлғалар тын, деректермен, жана қырынан зерделенген.

Пірлер мен ахундар жөнінде қазіргі ұрпақ біле бермейді. Олар кімдер, қоғамның дамуына қандай ықпал жасаған? Міне, осы жөнінде кітапта аз айтылмайды. Әз Тәуекенің пірі болған Мүсірәлі Соны Әзиз, Қармақшы ата, Марал ишан, Ер Сейітбембет әулие, Қалжан, Ораз, Садық, сияқты атақты ахундар мен ишандар туралы біраз мағлұмат аламыз.

✓Сыр өңірінде талай-талай батырлар мен билер, сөзге ұста сүлейлер еліне, жеріне қорған, пана болып, халықтың, ынтымақ бірлігіне ұйытқы болып, білек күшімен де, ақыл-ой, білім нұрымен де шапағат шуағын шашып еткен. Арыстанбай, Тайлақ, Алмат Сардар, Тоқымтыққан Қыстаубай батыр, Тоғанас, Байқадам, Жанғабыл, Жалбыр, т.б. батырлар, Балқы Базар, Дүр Оңғар, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, т.б. Сыр сүлейлері жөнінде қалам тербету үшін де қаламгер ең алдымен зерттеуші, белгілі бір дәрежеде ғалым болуы керек. Мұндай қасиет Тынышбектің бойында бар. Ол студент кезінің өзінде-ақ Темірбек Жүргеновтің өмір жолын, қоғамдық қызметін зерттеп, диплом қорғаған-ды. Мұндай зерттеу Сералы Лапинге, Иса Тоқтыбаевқа, еткен гасырдың 60-80 жылдарында аудан облыс басқарған Қонысбек Қазантаев, Елеу Көшербаев сияқты ардагерлерге де байланысты жалғасыпты. Елге еңбегі сіңген мұндай азаматтар жөнінде өзі де көп жылдар бойы аудандағы әкімшіліктің тұтқасының бірін ұстап, ел-жұртпен етене араласқан Тынышбек Дайрабай айтпағанда, кім айтады? Айту бір жағы оған парыз.

Тынышбек Дайрабай арнайы дипломға ие болуды құнттағанымен де зерттеуші, ғалым. Жаратылысы солай. Дипломды ғалымдардан асып түсетін мұндай зерделі азаматтар бізде баршылық. Оған Қазақ энциклопедиясына енген мақалаларын, республикалық газет, журналдарда әр кезде жарық көрген зерттеу еңбектерін және осы кітапты оқи отырып та анық көз жеткізуге болады. Мұндағы құнды деректер, авторлық пайымдаулар осы сезімге айғақ.

Қаржаубай ОМАРҰЛЫ,
жазушы, халықаралық
“Алаш” сыйлығының лауреаты



Бірінші тарау

БАЛАЛЫҚТЫҢ БАЗАРЫНАН...

Мен, Тынышбек Майлыбайұлы Дайрабай Кіші жүз ішіндегі Шөмекей тайпасының Бозғылға (Бозғұл) қарайтын Қаратамыр руынан тараған ұрпақпын. Аруақты аталарымыздың, қатарлас азаматтардың, кейінгі жастардың жөнін тарқатпай сөздің сәні келмес. Жеті атасын білмегеннің жолы болмас. Біссімлә деп бастайын...

Кіші жүзден Бекарыс, одан Алау. Алаудан Алшын, Алшыннан Құдияр (тентек). Құдиярдан Байұлы (Қыдырқожа), Қаракесек (Қадырқожа).

Байұлынан 12 ата Байұлы тарайды. Қаракесектен Байсары, Әлім, Шөмен туады. Байсарыға бүкіл Кете халқы, Әлімге 6 ата Әлім жатады. Шөменнен Шөмекей, Дөйт туады. Дөйт 12 жасында шейіт болыпты. Шөмекейдің ұраны Дөйт. Бүгінде жастай кеткен Дөйт бабасының атын қайта жаңғыртқан ұрпақтары да бар.

Шөмекейден 4 бала – Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғұл. Бозғұлдан 5 бала; бәйбішесі Қымыздықтан Қаратамыр, екінші әйелі Көлдейден Сарыбай, Торыбай, Қайқы (Балқы), Келдібай туады. Қайқы – қазіргі Балқы аталығы. Келдібайға Үсейін (Сейн), Қожакелді, Сарқасқа (Келмембет) рулары жатады.

Қаратамырдың шын аты Емендәулет, ұраны – Қарақожа. Қаратамырдан Жолақай (Кәлпе), Қожас екі бала туған. Қожастан Қоңыр, Бәкен, Құттығай, Семетей туады. Құттығайдың бәйбішесінен Есенғұл, Бұлғак, Қайдауыл, Жалаң.

Бұлғактан Бәйімбет, Қазымбет, екінші әйелінен Тәттімбет, Мәмбет, Өтей тараған. Бәйімбеттен Төлебай, Базар, Олжабай, Тұрсын, Орыс өрбіген. Базардан Атанай, Байқоңыр, Тоқпан, Жантуған, Сары, Арық, Орал туады. Атанайдан Әлібек, Жәнібек өрбиді. Әлібектен Дуанбек, Қабыл, Төкен тараған. Дуанбектен Бекберген, Көшбике, Айтбике, Жаңыл туады. Көшбике тоқал Сарқасқа Оспанға тиіпті. Айтбикеден Өстемір Ахмет туған, одан Айбек, Айым атты балалары болды. Жаңылдан Жарылқап Ерманұлы, одан Әбдібай, Күнімай, Күләй, Өмір туады. Бекбергеннен Дайрабай, Жәмилә, Майлыбай, Сайлыбай, Сейтмахан, Балбыр (Есмахан), Әуен туады. Бекберген шамамен 1855-60 жылдары туып, 1903 жылы қайтыс болған. Қабірі Сойырқастың Қаратерен скважинасы маңында, қасында Мысық тамы, Байбақтының мұнарасы бар. Тойқожа Сарқасқа Шынжырбайдың үлкен қызы Рыскүлге үйленген (1886-1887 жылдары). Дайрабайдың, яғни, менің түп нағашым Тойқожа Сарқасқа Тоғанас батыр, Келдібайұлы Шынжырбай – керуен басы. Қазіргі көзі тірісі Өмірзақ Сәукенов, Сәнуар Сырлыбаев, Қорғанбек. Шынжырбайдың бейіті Сәтбай тамы қасындағы төрт құлақ.

Бекбергеннің үлкені Дайрабай 1889 жылы туып, 1973 жылдың 16 қаңтарында Жанаталап (Мақпалкөл) ауылында қайтыс болды. Қабірі Айқожа (Айқозы) ишан қорымында. Бекберген ұрпақтары әке-шешеден ерте жетім қалады. Нағашылары Еспенбет, Махамбет маңында болыпты. Дайрабай еті тірлігінің арқасында 16 жасында-ақ Қаракөл–Қуандария (Қостам) болысының N5 ауылында ауылнай болған. Дайрекен (Кәкем)

көне сөздің көмбесіндей ел мен жер тарихын жетік біліп қана қоймай, қазақы салт-дәстүрдің де майталманы бола білді. Қарақалпақ, Нұра тауы, Тамды өңірі, Қаракүм, Қызылқүмды бес саусақтай жақсы білген. Шешен сөзді, дау мен шарда басу айтқан би адам. Колхоз төрағасы, совхоз директорының орынбасары қызметін атқарып, 1950-1960 жылдар арасында Қанқожа елді мекенінде тұрып, бірталай жыл қой баққаны да бар. Барынша қонақжай, меймандос адам болатын. Шешеміз Ұлбала Жалғасқызы 1909 жылы туып, 1993 жылдың 11 көкегінде Жаңаталапта қайтыс болды. Бейіті шалының қасында. Руы Жанғабыл Сарғасқа. Ренжігенде “мыңболғыр” деп кейітін еді көңілі толмағанға.

Дайрабай Бекбергенұлының ел аузында айтылып жүрген көптеген әдемі-қалжың сөздері мен билік кесімдері болған. Олардың бірсыпырасы газет-журналдарда жарияланды да.

Жақсылық Майлыбаевтың (1934 туған) естелігінде 1946 жылы Қызылқүм жиегіндегі “Молдамұрат” деген жерде отырғанда сайлау өткені айтылады. Қатты ауырып жатқан Дәкең бұл дүбірге шыдамай, қоңсылас отырған, інісі болып саналатын Салықбай Күзеровке: “Салықбай, мені сайлауға жеткіз, оған қатыспай қалғанша өлгенім артық” деп өтініпті. Сонда Салықбай: “Дәке-ау, қалай апарамын, көлікке мінуге жарамайсыз ғой” десе: “Мені бір жағына, бір қап шегекүмды екінші жағына теңдеп, түйеге артып апар” деп қиылыпты. Ағасының бұл айтқанын Сәкең марқұм бұлжытпай орындапты.

Дәкеңнің қонақжайлылығы туралы кезінде көрші болған Керейт Зікірия ақсақал: “Дәкең кемпіріне ылғи “Самаурынға шоқ сал, қазір кісі келіп қалса қайтесің?” деп отырушы еді” деп еске алады.

“Білеміс, айтамыс, айта аламыс” деп еркін, көсіліп сөйлеп үйренген кісі еді.

Дайрабай билікке ерте араласқандықтан ба, әкесі Бекбергеннен қалған тоқал там кейін “Дайрабай тамы” атанып кеткен (1910 жылдан бастап). Ол тамның жұрнағы “Сірбек құмы” мен “Тұздың құмы” ортасында болса, 1950-1960 жылдары “Дайрабай” пункті деп аталған қой ұрықтандыру пунктінің (Дәкеңнің өзі салдырған) орны Қанқожа маңында бар.

Дайрабайдан Райхан, Шайкүл әпкелерім мен інім Қалдаш тарап, олардың барлығының ұрпақтары өсіп келеді.

Бекбергенқызы Жәмилә өте ертеректе қайтыс болыпты. Қара Керейт Бекішпен тұрмыс құрған. Жәмилә апамыздан туған Батан қазір Қызылордада тұрады. Майлыбай Бекбергенұлы 1892 жылы туып, 1973 жылдың 23 қарашасында Жалағаш қыстағында қайтыс болып, ағасы мен інісі жатқан Айқожа қорымына жерленді. Жасынан жетімдіктің қиындығын көп көріп, аға-інілерінің арқасында өр мінезді болып өскен кісі. Кезінде палуандыққа түсіп, Сарыбай Мақан палуанды жыққан. Назарқаса назары қалт жібермейтін еді.

1950 жылы қауын піскен кезде інісі Жалмахан Сағындықұлының қауын басында отырған шартағына барады. Қарсы алған Жалмахан

ағасының келгеніне мейлінше қуанып, мал союға беттегенде (жалғыз тоқты мен сауып отырған бір ешкісі бар екен — Т.Д.), шешесі Балшөкен қасында бөтен адам жоқ, өзіміз ғой деп баласына тоқтау айтады. Ақаршақар болып, үйіне бір-екі қап қауын алып қайтыпты Майлыекен.

Макең кеткеннен кейін сол тоқты үйелеп арам өліп қалса керек. Мұны көрген Балшөкен әжеміз, “қап, бекер еткенмін”, — дей беріпті. Тағы бір мысал: 1960 жылдары Иманғалидың екінші ұлы Әмитты шешесі Мария көтеріп бара жатса, жолай кездесіп қалған, Майлыбайдың көзі түсіп, “кілең “сарылар” қайда барасындар” деп зілсіз әзілдепті. Содан бірсыпыра уақыт өткеннен кейін бала қатты ауырып қалады. Қарақыз (Клараның шешесі — Т.Д.) келіп, жездем деп әзілдесіп отырып Майлыбайдың киімінен білдіртпей мақта ұрлап алып кетіп, түтетіпті ғой. Содан Әмит сауығып кетті” дейді Надежда апай.

Осындай оқиға 1970 жылғы айт күндерінің бірінде Тереңөзекте көршіміз Нысанбек Нұржанов (Қарақойлы руынан) айтқа бір топ туыстарын шақырып, жаңа таныс көршісі бізді шеттетіп, қонаққа шақырмады. Осыған назырқанған болу керек әкем Майлыбай Ақсұлудың үйге әкеліп берген тамағынан ауыз тимеді: “Танымасты сыйламас деген сөз осындайдан шыққан болар” деп. Ертеңіне Нысанбектің жылда егіз туатын ешкісі мен семіз тушасын “Майжарма” көпірі тұсында ит талап кетіпті. Бұл әкеміздің назарынан болды-ау деп ойладық іштей.

Тамдыдағы атақты Назардың Ахметімен алыс-берісте болған. Тамдыдан түйемен келген ағайындарға соғыс жылдарында астық жинап беретін еді.

Майлыбай Бекбергенұлы колхоздастыру ісіне белсене араласып, бригадир (колхоз бастығының рөліндегі ірілендірген бригаданың бастығы), сауда саласында қызметтер атқарып, 1953 жылы зейнетке шықты. Анам Жәмила, Сойырқас кетенің Тоғызбайы еді. Әкесі Әбіш молда елге сыйлы адам болыпты. 1930 жылы Жаңаталапта қайтыс болған, қабірі Ақтөбенің басында. Жәмила шешем 1911 жылы туып, 1970 жылдың 5 наурызында қан қысымынан қайтыс болды. Қабірі “Көңтөбеде”. Сабырлы да салмақты кісі еді. Гүлсан (апам) мен менің мінезім әкемізге тартқан, Жақсылықтың мінезі шешемізге ұқсапты. Тоғызбайдан — Төлес, одан Жүздібай туады. Жүздібайдан — Баспан, одан Қарашолак, Қылышбай туады. Қылышбайдан Теберік, одан Әбдіғалпар, Әбдіғалпардан Зиятбек, т.б. ұрпақтары Өзбекстанда тұрады. 1978 жылы арнайы іздеп барып, амандықтарын біліп қайттым. Бүгінде Зиятбектен хат алысып тұрамыз. Ол Зеравшан қаласында тұрып жатыр.

Қарашолақтан Әбіш, Әбіштен Жәмила, Уәлібек, Күнзинап, Бибіқатша туған. Күнзинап, Бибіқатша, Бердәлі Айқыннан туған. Жәмиланың шешесінің аты Қадиша Әлімқызы (Тойқожа). Жәмила анам колхозшы болып, колхоз жұмысының ауыртпалығын

арқалағандардың бірі. Егін екті, бидай тартты, шөп шапты. Сол кездегі колхоз шаруашылығының жұмыс түріне қатыспағаны жоқ, тек еңбегінің зейнетін көрмей кеткеніне өкінеміз.

Мейірім шапағаты мол, келіндеріне жылы жүзбен, қамқорлықпен қараған, ауыл аймаққа өте сыйлы адам болды. Адам баласымен ұрысқанын көрген емеспін.

Уәлібек Әбішұлы 1915 жылы туып, 1943 жылдың маусым айында Ленинград майданында № 248 артполкта соғысқа қатысып, госпитальда жатқанын хабарлаған соңғы хаты келіпті. Міне, содан бері белгісіз кеткен солдаттардың қатарында. Соғысқа аттанар алдында бір топ ауылдас замандастарымен 1942 жылы түскен суреті сақталған. Суреттегі Қайырбай Есов, Бану Махамбетов, Қанатша т.б. бірге соғысқа аттанғанды.

Нағашымыздың Жақсыбай атты баласы жас кезінде қайтыс болған. Күнзинаптан туған Роза бүгінде Ақжар ауылында тұрады. Бибіқатшадан — Қади, Кітаб, Қалдан, Қалдыбай, Қалжан туған. Бибіқатша апамыз 2003 жылдың күзінде қайтыс болды. Жездеміз Зәбар Қожахметов (тоқал Сарғасқа) көп жыл Жаңаталап колхозында тракторшы болып, 1980 жылдары қайтыс болды.

Сайлыбай 1896 жылы туып, 1971 жылдың 16 ақпанында қайтыс болды. Қабірі ағаларымен бір жерде (Айқожада). Аңшылыққа жаны әуес, бүркітшілікті жетік меңгерген аңкөс болатын. Қайтыс болғанынша құмай тазы мен бүркіттерден қол үзген емес.

1936 жылдары Қызылордада кеңес-партия мектебінде оқып, колхоз ұясының хатшысы, “Социалды Қазақстан” газетінің қоғамдық тілшісі болады. Талай бейнет пен ащы тердің әсерінен де болу керек (өзінің айтуынша), соңғы жылдары көзі көруден қалып, үйден ұзай алмады. 14 бала көріп, солардан қалғаны Жәкүл мен Егемжар. Екеуі де егіздің сыңары. Бапамнан 8 ұл туған, бәрі де жастай қайтыс болыпты. Жәкүл Жәрімбет Сарғасқа Төкеш Қалиевпен тұрмыс құрып, отан болды. Бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Батыр-ана. Жәкүлден Қамқа, Серік, Жүніс, Қоныс, Өтеген, Қаламқас, Зәру, т.б. Егемжардан — Айткүл, Райкүл, Көптілеу, Гүлсара, Ұлмекен атты қыздары, Көптілеуден Өркен атты немересі бар.

Дайрабай қызы Райханнан (Бозарықта, 1930 туылған) — Меңлібай (Миша), Күлшәйім, Күлайша, Бақыт, Рысбек, Аманжол, Ербол, Күләйім, Қаншайым, Аманкүл. Райхан (1930 ж.) ер мінезді, сөзге батыр адам. “Батыр ана” атағын алған. Өмір бойы үй шаруасында болды. Ал Шәйкүлден (Ақтікенде 1936 ж.) Үрзада, Нұрзада, Нұраддин, Роза, Камаладдин, Сражаддин т.б. туған. Олар Қаракеткенде тұрады.

Аманжол Бөкешұлы Астанадағы Драма театрының әртісі. Жездеміз (Райханның күйеуі) Бөкеш Молдахметов 1928 жылы туған. 1991 жылы қайтыс болды. Руы Үңгіт Жаппас. Шәйкүлдің күйеуі Әбдібек Ысқақов Жәрімбет Сарғасқа аталығынан.

Майлыбайдан Жақсылық, Жақсымбет, Гүлсан, Тынышбек, Нәзира шешемізден Гүлсім, Серік. Жақсымбет бірер жасқа келгенде қайтыс болған. Жакең 40 жылдан астам ұстаздық қызметте болды. Қазір Манкентте тұрады, облыстық дәрежедегі зейнеткер. Жеңеміз Базаркүл Сейдахметқызы (Өміркүл Табын) 1939 ж. туған, Жалағаштың қызы. Жақсылықтан Әлия, Баубек. Әлиядан Қайсар, Нүркен. Қайсар III курсты оқып жүргенде адам қолынан қапияда қазаға ұшырады. Нүркені жігіт болды. Енді осы жеткіншектің өмірлі, бақытты болуын тілеудеміз. Баубектен Назкен, Назерке, Бекарыс.

Гүлсанның күйеуі Шәріп Қойбағаров (Токберлі Табын) көп жыл киномеханик, кейін күрішші, бригадир болды. Бүгінде Шәріп пен Гүлсан да бақилық. Гүлсан 1995 жылдың 25 шілдесі күні Алматы қаласында 55 жасында қайтыс болды.

Гүлсаннан Мырзахан (Мәскеудегі Бауман атындағы институтты бітірген), Әлихан, Уәлихан, Қасымхан, Гүлдархан, Асылхан, Қалдан, Айымхан туды. Гүлдархан аурулы болып, өмірден ерте кетті. Мырзахандар бүгінде Алматыда, Әлихан Жалағашта тұрып жатыр.

Тынышбектен Айнұр, Нүргүл, Гүлмира, Әсия туған. Барлығы да жоғары білімді, Айнұрдан Лира. Күйеу бала Қайрат Мұсақұлов (руы Шапырашты) екеуі де Астана қаласында қызметте, Нүргүл, Гүлмира, Әсиялар Алматы қаласында абыройлы қызмет атқаруда. Нүргүлден Назым, Таңшолпан; Гүлмиранан Артур өсіп келеді. Олар ата-әжелеп шауып келгенде әжесі екеуміз бір қуанып қаламыз.

Айтпақшы, менің зайыбымның аты Айдархан Әсілқызы. 1946 жылы Сарыағашта туған. Руы Сіргелінің Елібайы. Арғы аталары Елмұрат пен Тәжібай Сарыағаш өңіріне белгілі бай болған кісілер болыпты. Ағалары Анарбек (1928), Жұпарбай (1941), інісі Қошан, сіңлілері Қыздархан, Қалдығыз. Бәрі де Шымкент қаласы мен Сарыағаш ауданында тұрады. Анарбек көп жыл малшаруашылығы саласы мен кеңес органдарында, Жұпарбай Шымкентте басшылық лауазымдарды атқарды. Анакеңнен Сәуле, Алтын, Дінмұхаммед, Нұрмұхаммед туған. Жұпарбайдан Меруерт тарайды.

Сайлыбайдың әйелі Рысбике 1909 жылы туып, 1980 жылдың 6 маусымында қайтыс болды. Токсейіт Сарғасқа Отарбайдың қызы, 14 құрсақ көтерген ана.

Сейітмахан ағамыз үйленер жасқа келгенде ауырып қайтыс болыпты.

Балбыр (Есмахан) атын жеңгелері қойыпты (Шын аты Есмахан) 1900 жылы туып, ауыр операциядан кейін (хирург А.Ыдырысов жасаған) 1954 жылы Қызылордада қайтыс болды, қабірі сол Қызылордадағы үлкен қорымда. Балбыр ағамыз да ағалары сияқты аңшылығымен қатар, он қолынан өнері тамған ұста, кейде ем-дом жасайтын қызылшырайлы келген адам еді. Бірінші әйелі Бәтен Қаржауқызы 1943 жылы қайтыс болған, онан Жамбыл, Жібек, екінші әйелі Қойсын Нысанбайқызынан Күлзаш, Қаржау, Орынбек туған. Бәрі де Жалағаш ауданында тұрады, балалары бар.

Жамбыл ағамыз үлкен өнертапқыш болып, 1964 жылы комбайнді жаткіге айналдырған. Бірнеше орден, медальдардың иегері. Қазақстанға еңбегі сіңген ауылшаруашылығы қызметкері, республикалық дәрежедегі зейнеткер.

Жамбылдан Бақыт, Қалтай, Мәнзура, Ертай, Ербол, Мәнсия тарайды. Жеңгеміз бір ауылда өскен Ақкиіз Әлім Еркебайқызы Орынкүл (1939—1998) жеңгеміз қонақжай кісі болатын, ауырып қайтыс болды. Жібек апамыз ауылда Өмірзақ Ысқақовқа тұрмысқа шықты. Одан Көшер, Қанзада, Бақыт, Берік, Нұркен, Дархан туған. Жібек те ауырып, 1998 жылы қайтыс болды.

Әуен апам Бекберген бабамыздың сүт кенжесі. Ағаларының еркесі болатын. Қапсағай келген, өзі де, сөзі де ірі кісі болды. Апам Құлыс Кете Тоғызбай Үргенішбай баласына тұрмысқа шыққан. 1952 жылға дейін ағаларымен бірге болып, №16 ауылда, Жаңаталапта тұрды.

Әуен 1903 жылы туып, 1976 жылы Қармақшының Тұрмағамбет ауылында бақилық болды. Қабірі Тұрмағамбет ахун бейітінің маңында. Жездеміз 1970 жылдары қайтыс болды. Әуеннен Әйімке (1924), Әбен, Марқа, Сәрсенкүл туған. Әйімке апамызды жақын ағамыз Қолқанатқа қосыпты. Қолғанаттан Тұңғышбай, Темірбай, Гүлстан, Асылбек, Гүлжан туады. Олардың бәрінде жас ұрпақтары өсіп келеді, Жалағашта тұрады.

Әбен Тоғызбаев ерен еңбегінің арқасында есімі бүкіл республикаға танымал азамат болды. Үкіметтің бірнеше орден, медальдарымен марапатталды. Әбен атақты күрішші Ыбырай Жақаев, ғарышкер Титовпен кездесіп, сөйлескен қайраткер аға. Әбен Ұлмекен атты жеңгемізбен бас қосып, бүгінде үлкен үй болып отыр. Әбеннен Талғат, Аманқос, Қайрат, Дархан, Алтын, т.б. балалары бар.

Марқа да ауылшаруашылығында көп жыл еңбек етіп келеді. Әйелі қожа қызы Дүрия да адал еңбектің адамы. Марқадан Торқа, Торғын, Жомарт, т.б. ұрпақтары бар.

Сәрсенкүл болса Қызылорданың пединститутын бітіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ана. Талай жыл мұғалім, ұстаз болды. Бүгінде зейнетте.

2000 жылдың 20 қыркүйегінде Қытайы Бегімова ұстазымның (1924—2001) үйінде болып, әңгімелескен едім. Бұған дейін апамыздың ел-шежіресіне жетік екенін білгеніммен, ақын-жыраулардың өлеңдерін де жатқа айтатын қасиетін білмеуші едім. Талай жырларды сүйсіне тыңдадым. Жағыпар “апамның осындайы бар” деп мақтанды аузына ауа толтыра сөйлейтін әдетімен. Сол күні ұстазымнан бұрын естімеген Бәшекеннің Оспананың Қара Жүргеновке арнаған өлеңінен үзінді тыңдадым. Сөз арасында Қытайы апайым: “Тиышжан-ау (мектепте мені Тиыш деп атайтын-ды), біздер (Нұржан, Қараларды айтып отыр) колхозға 1933 жылы Аралдың Ақирегіне кірдік, содан 1935 жылы Жаңаталапқа келдік. Талжандар 1937 жылы, Өмірзақ Тұңғышбаев (Меруерттер) соғыстан кейін келді ғой. Біз келгенде Жаңаталапта

“Дайрабайдың көк биесі“, “Майлыбайдың көк жорғасы“, “Балбырдың 100 қойы” деп колхозға тапсырған малдарды иесінің атымен аталғанын әңгімелейді.

Бекбергенмен туыс інісі Сағындық пен Сүйіндік. Сүйіндіктен ұрпақ жоқ. Сағындықты Бекберген алдына мал салып, балдызы (Тойқожа Шыныбайдың қызы) Балшөкенге үйлендіріпті. Сағындықтан Бешпент, Мақат (1901-1953), Қанымкүл, Жалмахан, Жанымкүл тарайды. Балшөкен әжеміз сол 1958 жылдары қайтыс болды. Мақат төртпак келген палуан кісі болатын. Мақаттан Күләсіл (Күләш), Сәбит. Күләсілден Көптілеу, Серік. Жездеміз Жамал сөзшең адам болатын, руы Жәрімбет Сарғасқа.

Күләсіл (1936–1999) Сағындықова (Мақатқызы) 1963 жылдың 21 шілдесінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Мақаттың екінші әйелінің аты Қоңырша (Тоқал Сарғасқа) Мұсаның қызы. Күләш апамыз да 1999 жылы қайтыс болды. Сәбит Аққыр ауылында тұрады. Мақат аға атында “Мақат тамы” деген жер атауы бар.

Жалмахан (1907–1966) ағамыз 1942 жылы соғысқа аттанып, майданда бір көз бен мұрыннан айрылып қайтты. Жалмаханнан Аяп, Орман, Айман, Шолпан, Аяған; Аяптан — Асқар, Мәдина, Ғани, Қонақбай, Ғайнулла, Мейрамбек, Ғарифолла, Мәлике туады. Аяп ағамыз 1941 жылы туған. Жаңаталап ауылында егін және малшаруашылығында жұмыс істеді. Қажырлы да қайратты кісі. Палуандығы басым. Жеңгеміз Шырынкүл Есенәлі қызы, Байболат Сарыбай.

Жалмахан ағамыздың әйелінің аты Тұрсынкүл Жүсіп (Кете) қызы. Тұрсынкүл 14 наурыз 1972 жылы Жалмахан ағам 1966 жылдың 19 қаңтарында қайтыс болды. Қабірлері “Көңтөбеде”. Жанымкүл Сағындыққызы Шалқарда өмір сүрді, Қанымкүл Қармақшыдағы Тұрмағамбет ауылында болды. Қанымкүлден Аяш, Қарлығаш, т.б. тарайды.

Қабылдан Сабанбай одан Төбетбай, Жайлаубай. Жайлаубайдан Қолғанат, Серікбай. Серікбай әскерден оралмаған. Қолғанат ағамыз көп жыл Жалағаштың сауда орындарында жұмыс істеді. №16 ауылдың барша адамдарының түстеніп, түнеп кететін үйі де сол кісінің шаңырағы тұғын. Нарық заманына тез бейімделген іскер Асылбек ініміз өзінің “Мақсат” фирмасымен кәсіпкерлік жолда жемісті еңбек етуде. Жалағаш қыстағында тұрады.

Төбетбайдан Жомарт, Молжігіт тарайды. Жомарттан — Қаншагүл, Шоман, Молжігіттен — Өмірбай, Мәлік, Хасан т.б. балалары бар. Жомарт, Молжігіт, Қолқанат ағалар сүйектері Жалағаш қыстағындағы қорымда жатыр. Молжігіттің зайыбы өзіміздің нағашы апамыз Зібайра (1929 ж.) Өскімбай қызы, Мақпалкөлде тұрып жатыр.

Түп нағашыларым Бәну, Күзембай, Зина, Сәнуар, Қорғанбек, Шәймерден, Әбдібай, Өмірзақ, Оспандармен көрші тұрғандықтан ба,

басқа да нағашыларымызға қарағанда олар бізге өте ыстық көрінеді. Олармен жолыққанда балалық шақ еске түсіп, әзілдесіп жатамыз. Бүгінде көзі тірілерінің өздері, бақилық болғандарының ұрпақтарымен араласып тұрамыз. Әсіресе, Мамық, Балқұсын, Бәлбек, Дәме, Айқын әжелеріміздің біздерге деген ыстық ықыласын, олардың имандылық қасиеттерін бүгінде ойша салмақтаймын. Балалықтың балғын шағын “Көңтөбе”, болмаса “Ескі пункт”, енді бірде Шеңгелді арық бойы мен Қаратабан, Басар арығы, Түктібай, Мәдениет каналы аяғында өткіздім.

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының Жаңаталап колхозында 1943 жылдың 13 ақпанында туыппын. Әке-шешем арқа-жарқа болып, соғыс кезінің қиындығына қарамай кішігірім той жасапты. Құжаттарымда осылай 13 ақпан деп жазылған. Алайда шешем марқұм: “Сені қауын пісікте босандым” деп отыратын. Қауын дегеннен шығады-ау, бірде арамызда Муса, Жақыпбектер бар әңгелектің жаңа пісіп жатқан кезінде шеңгелмен қоршалған қауындыққа түсіп, пәлектерін басып, жерге ұрып жұпар исі аңқыған әңгелекті жеп жатып, мұның ұят іс екенін де аңғармаппыз-ау. Тағы бір қызығы, менің 2-3 жастағы кезімде үйдің жанынан өтіп бара жатқан Рысалды (Кенішбай Сүлейменовтың шешесі) — қасында балаң жігіт Тәңірберген Махмұтов бар, бидай ораққа бара жатса керек — есегінің алдына мені мінгізіп алып, өзімен бірге ала кетеді. Ойындағысы ауқаттылау Майлыбайдан “сүйінші” сұрап алмақ. Ал ауылда бала жоғалып, сарсаңға түсетіні қаперіне кірмеген. Бір кеш бойы ауыл улыған-шулыған болған кезде Рысалды мені қайта әкеліп, сүйіншінің орнына көп ұрыс естіген көрінеді. Сол әжеміз мені көрген сайын “тауып алды” деп атап, құшақтап еміреніп тұратын.

1950—1951 оқу жылында Жаңаталап жеті жылдық мектептің 1 сыныпына оқуға бардым. Ескі мектептің бір бөлмесінде ата-аналарымыз бізбен бірге алғашқы сабаққа қатысқанды. Сонда мектеп директоры, ұстаз марқұм Қытайы Бегімованың “Мәкеңнің баласы сен бе?” деп маңдайымнан жұмсақ сипағаны бүгінгідей көз алдымда.

Шешелеріміз қолдан тіккен (шыттан) сөмкемізді асып алған 14 бала 1 сыныптың табалдырығын имене аттаған едік. Сол балғын шақтың сүйкімді әрі сағынышты кезеңіне де жарты ғасырдан артық уақыт өтіпті-ау. 1 сынып оқушылары: Муса Жидебаев, Орынтай Әбжәлиев, Темірбек Бегалиев, Жаппарбек Үмбетов, Жақыпбек Қожахметов, Қуанышбай Әлмағанбетов, Марқа Тоғызбаев, Әбділда Якияев, Егемжар Сайлыбаева, Тұрсынқұл Елмаханова, Базар Әбдиева, Қуанышқұл Еркебаева, Күләй Жарылғапова бәріміз алғашқы сабақты, мектеп тәртібі туралы әңгімені Қытайы апайдан тыңдаған едік. Осы “Жаңаталап” жеті жылдық мектебінде ұстаздар арасынан ерекше есте қалғандарының бірі кейінгі мектеп директоры, тарихшы Мұздан Шотықов ағай болатын. Мектептің 2 сыныпынан бастап Жалағаш пен Қармақшыдан Тоты Мүсілімова мен Ажар Андаева келіп қосылды.

Тоты ерекше ақжарқын күлкісімен, Ажар үздік оқуымен көзге түсті. Кейіннен, 6-7 сыныптарға көшкенімізде орнында екінші жылға қалып қойған Наһанбай, Оңғарқожа, Толғанаймен де бірге оқыдық. Тіпті, ересек ағаларымызбен парталас болған Нәби Әбдірашитов та бізге ілесті.

Әуен апам қара есегіне мініп, “Көңтөбеге” маңындағы жол айырығында Марқа екеумізді күтіп алатын. Оның себебін кейін білдік.

Мектептен қайтар жолда Муса мен Жаппарбек ылғи төбелесетін. Муса батыл да ақкөңілдеу болатын. Кейде Әбділданың шақыруымен мен Якия ұстаның үйіне түнесем, енді бірде Әбділда біздің үйге қона салатын. Жоқшылықтың зардабын Жақыпбек өзгемізден көп тартты. Наурыз айынан бастап мектепке жалаңаяқ қатынайтын. 6-сыныпта оқып жүргенімізде (жаз кезі) Жақыпбек Тотымен ренжісіп қалды. Мінезі ашушаң Тоты Жақыпбектің үстіндегі қолдан тіккен жаңа ақ көйлегінің өңірін қақ айырды. Жақыпбек қыстығып жылап жіберді. Ол жоқтықтан жылады, жаңа көйлекті тігуде (матасын табуда) Әлиманың еңбегі зая кеткеніне терең назаланып жылады, бәрімізде бұл жағдайды іштей түсіндік. “Жоқ – жоқшылықтан шығады” демекші, ауылдағы ауқаттылар қатарындағы Жидебай 1954 жылы Мусаның киіп бара жатқан брезент туфлин көріп, қатты кейігені де есте. Жаңа туфлиді аяп кейіді.

“Жаңаталаптықтар” қыста да, жазда да тұрақты қоныста отыратын. Жаз жайлауы – “Қаратабан”. Малдары қосылып кетпес үшін Сарқасқалар Қаратабанның шығыс бетіне, Сарыбайлар Шаймағанбет ахун тұсына қарай малдарын өргізетін. Қыста “Ақтөбе” маңында Сарыбайлар, ал “Көңтөбеде” Сарқасқалар тұратын. Колхозда бар болғаны №1, №2 бригада ғана, ал соғысқа дейін бұл ауылда 5 бригадаға дейін болған дейді. Мәдениет, Түктібай, Басар арығы бойын кейде Сарқасқалар жайлайтын. Жайлау кезінде арыққа суға түсіп, ұл-қызымыз аралас жалақ ойнайтынбыз. Кейде Қуанышкүл мен Зорданды суға түншықтырып ойнайтын едім. Бұдан хабардар Жәмила мен Ақшай аналар: “Әй, балаларым, байқап ойнандар. Жазым болып жүрмендер” деп үнемі ескертетін.

Майлыбай әкем ақкеуіл, ойыншыл адам еді. Ауылдың балаларын жарыстырып, озып келгендеріне 20 тиын бәйге беретін. Бәріміз қуана жарысып, озуға тырысатынбыз. Мен ес білгелі Мәкең саудамен айналысты. Қоржын тамның бір бөлмесі тері-терсектер мен қаптарға толы болатын. Құмшекер қант үйде үзілген емес. Бірде Марқа, Егемжар, т.б. балалар бар, әке-шешенің үйде жоқтығын пайдаланып бір қапшық қантты еңсеріп-ақ тастаған едік. Сонда ерні сірне-сірне Егемжардың: “Мен неге осы үйдің қызы болмадым” дегені әлі есімде.

Аяп, Жақсыбай (Жақсан) палуан жігіттер болды. Жақсанда күрес тәсілі мол болса, Аяпта қара күш артық.

Баланың көңілі әр нәрсеге ауып, жылтыраққа қызығып тұрады ғой, бірде Қаратабандағы жайлауда отырған кезімізде Әбдібай Жарылқапов аға (медучилищеде оқитын) ауылға келе қалды. Белінде көкпен боялған жалтылдаған жібек белбеу. Бізге бір қол жетпес жігіттей

көрінді сонда. Бала күнде-ақ батыр тұқымы атанған Оспан Мүйтенов жүректі болатын. Өзінен біраз жас үлкен жігіттермен де төбелескеннің куәсі болдық.

Бірде Оспанның тентек мінезіне ашуланған Жәмила шешем есік алдындағы көсеуді лақтырғанда (біздің жақта әтешкір деп аталады) Оспанның жуан санына кірші етіп қадалды. Шешемнің сонда шыбын жаны шырқырағаны-ай...

Қ.Сырлыбаев, О.Мүйтенов, Б.Жәлиевтердің соңына ердік, қызбен араларындағы хабаршысы да болдық.

“Жаңаталап” жеті жылдық мектебінде әр кезде директорлары Қ.Бегімова, І.Қарқынбаев, М.Шотықов, Д.Төремұратовтар болса, мұғалімдер: Ы.Ақмырзаев, Ш.Бағланов, Т.Махмутов, Ш.Жаңабаев, С.Сырлыбаев, Б.Жәлиев, В.Данилов (чуваш), ара-тұра Б.Түбекбаев, Т.Төремұратов, Т.Байболов, Ш.Әбжаппардан дәріс алдық. Біздерге орыс тілін өздері жетік білмейтін ағайлар да осы тілді оқытты. Содан да болар, күні бүгінге дейін көбіміз орыс тілінен шорқақпыз.

1957—1958 жылдары “Мақпалкөл”, 1959-1960 жылдары №31 Сталин атындағы мектепте оқып, онжылдықты бітірдім. “Мақпалкөлде” оқығанда 8-сынып үшеу болды. “Жаңаталап”, “Мақпалкөл”, “Қазақстанның ХХ жылдығы” колхоздарының балалары оқитын еді. Осында Қаһарман Бабағұлов, Берік Демеуов, Бекет Садуақасов, Әлиакбар Мұстапаев, Аманқос Ақылбеков, Барахат Өмірсеріков, Ақыл Қабылтаева, Бағжан Шайқиева, Зина Әбдіхалықова, Жайлау Қартаңбаев, Нәби Сүйіншәлиев (Оразов), т.б. оқушыларымен танысып білістік, дос болдық. Бұрынғы “Жаңаталаптағы” 14 оқушыға тағы да 50-шақты жаңа құрбы келіп қосылды. Ал, Жалағаштағы мектепте (№31) Әскербек Үмбетаев, Базарбай Наурызбаев, Еркін Тәжібаев, Серік Нұрмаханов, Зинегүл Шадаева, т.б. бірге оқыдым.

8 сыныпта бірге оқыған Ақыл Қабылтаеваның алғырлығы сол кездің өзінде-ақ аңғарыла бастаған-ды. Сонау 1960 жылдардың өзінде-ақ екі бірдей оқу орнына қатар түсіп, оларда үздік оқу таңқаларлық жайт, қазіргі нарыққа әбден сай келетін жағдай.

1960 жылдың қыркүйегінде ағайдың көмегімен Жалағаш аудандық мәдениет бөлімінде автоклубтың кітапханашысы, кейіннен Қызылорда қаласында киномеханик курсы (бір жылдық) оқып бітірдім. Райхан апайдың көп баласының бірі болып үйінде жаттым. Олар өте жүдеу тұрды.

Курсты бітірісімен Жалағаш аудандық мәдениет бөліміне келіп, “Жаңаталапқа” киномеханик болып орналастым. Жұмысқа алу туралы ең алғашқы бұйрыққа мәдениет бөлімінің меңгерушісі Нәзтай Сермаханова апай қол қойды. Жалақы — 55 сом. Егер айлық жоспары орындалмаса жалақыдан ұсталатын.

Бұрын-соңды тұрақты түрде кино қойылмағандықтан ба, әсіресе қыс айларында ауылдағы қариялар кино көруге көп жиналатын еді. Билет сұрасаң ажырая қарап, үндемей залға өтіп кете береді. Кино

көрушілер арасында Байжан шал, Дәу Әлібек, Жарылқап, Жарылқасын, т.б. көп адамдар болды. Тегін киноға кірушілер көп болғандықтан да кино көру жоспары еш орындалған емес.

1960 жылдардан бастап ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жинауға бет бұрдым деуге болады. Бұрындары қиссаларды қарияларға оқып беруден сіңген әдет бар, бүйрегім әдебиетке бұра берді. Сондықтан болар, ауыл-аймаққа келген жұртқа сыйлы адамдардың сөздерін, билік шешімдерін, әзіл-қалжындарын тыңдап өстім. Сол құмарлық күні-бүгінге дейін жалғасуда.

Әкелеріммен қадірлес, сыйлас болған Көбен, Пірман, Әби, Әбжәлел, Асан, Сейітжан, Төлеген қариялардың жүрекке қонымды сөздері, олардың қарта ойыны үстіндегі риясыз қалжындарын, адал көңілдерін жете сезінесің көп аралассаң қариялармен.

АЗАМАТТЫҚ АСҚАРЛАРЫ

1962 жылдың аяғында Мелекесс (қазіргі Дмитроград) қаласында әскери ант қабылдап, солдат атандым. Бұл полкке көбіне Қазақстан мен Украина жастары алынған екен. 1963 жылы қатты ауырып, Ульяновскідегі әскери госпитальға түсіп, маған күрделі операция жасалды. Операцияны жасағанын кейін есіткен Әбділда Сәрсенов, Тұрақ Омаров, Темірбек Боқанов, Аманжол Тілеуов, Қуаныш Сағымбаевтар тағы басқа жолдастар көңіл сұрап келді. Олар келгенде туған бауыр-туысты көргендей бір-бірімізбен жыласып көрістік. Тән ауырғанда жағдайыңды білген келген жолдас жігіттер туған бауырдай боп кетеді екен. Мұнан кейін жоғарыда аталған жігіттермен бірге, Қолдасов Қырғызбек те бар, көбіміз Днепродзержинск қаласындағы әскери бөлімге ауыстық. Кезінде Л.И.Брежнев жұмыс істеген қорғанысқа арналған зауытта болдық. Сол жылдарда әскерде бірге болған жігіттердің басым көпшілігімен бұл күндері аралас-құралас болып келеміз.

Әскердің қатаң тәртібі бойынша оқуға шақырылсаң түссең-түстің, түспесең қайтып келіп, әскери қалған мерзімін қызмет өтеуге тиістісің. Жолым болып, 1965 жылы Қазақтың Ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға қабылдандым.

Ойға сәтімен келіп тұрғанда “Жаңаталап” ауылының өзім балалық көзбен көрген бейнесін, тұрмыс тіршілігін, есте қалған қимас жайларды баяндай кетсем артық емес.

Біздер мекендеген “Көңтөбе” маңына ел 1938—1939 жылдары келіп қоныстанған. Бұрындары “Ақтікен”, “Салықбай”, “Жамантамы”, “Бозарық” жерін мекендеген жұрттың бір тобы осы жаңа жерге қоныс тебеді. Ес білгелі көргеніміз тапал тамдар мен қараша үйлер болды. Жарты гектардай жерді алып жатқан аумақта (“Шеңгелді арық” бойына жақын) Жарылқап Ерманұлы, Өскімбай Бодашұлы (1880—1963), Бану Махамбетұлы, Дәме әженің, Айқын әженің, Қожахмет, Ізмахан,

Әбдірашит, Сарбала, Әлібек, Шәріп, Базарбай, Іздібай, Жаксандардың, одан әріректе Әбжаппар мен Бәлайдың үйі болды. Аққыр жақ бетте Жакыпбек, Қуанышбай, шығыс бетте Жидебай, Есберген, Ақтөбеге жақын жерде Еркебай, Өтеш, Әлменбет, Шәмен, Кармандердің үйлері бар еді.

Жалмахан, Мақат, Сайлыбай, Бану, Уәлібек, Өскімбайдың оған жалғаса Майлыбайдың, іргелес Балбыр мен Әуен – Тоғызбайдың тоқал тамдары болды. Балбыр мен Шәріп үйінің арасынан кісі өте алмастай қуыс тұғын.

Аңшы әкелерінің қанжығасы майланып, олжалы оралған күні олардың үйімен бірге біздің үйде де той болатын. Марқа мен Егемжар жарыса қоян мен қырғауылды “көке” үйіне бұрын әкелуге ұмтылатын, қандай қызық шақ десеңізші.

Жайлаудың кең шалқарында күн ұясына қонар шақта ылғи далада жүре бергің келеді. Қой шулап, қозы маңырап ауылдың сәнін келтіретін. Мен ол кезде өзімізге қараған ағайын-туыстың бар малының түр-түсін бұлжытпай білетін едім. Сол жаз жайлауға шығу №16 ауылда 1970 жылдары тоқталды.

Жайлаудағы қаз-қатар орналасқан киіз үйлердің арасынан ақ шаңқан еңселі екі үй көз тартатын. Олардың егелері Шайымбет Есов пен Майлыбай Бекбергенов болатын.

Бірінші кластан бастап оқушыларды колхоз жұмысына жегетін еді. Жүгерінің собығын қайырып, болмаса жүгерінің қабығын аршып, бидайдан отақты тазалау сияқты жұмыстар атқарылатын. Балалар күн шыққаннан күн батқанша жұмыста болады. Сондағы бір естен шықпайтыны – бригадирлердің балаларды қамшымен аямай ұрып, жұмысқа шыңғыртып жұмсауы. Әкеміздің айбаты ма, беделі ме, әйтеуір бізге қамшының ұшы тиген жоқ. Бірақ, бала күнгі бір оқиға әлі есімде.

Іздібайдың жалпақ жазығындағы шабындықта шөп орақ басталған кез. Шөптің сүті қатқан, сабағы енді сарғая бастаған уақыт.

Темір табанды ескі ХТЗ тракторына тіркелген орақ біреу-ақ, дегенмен өте ұзын. Темір ершікке мінген балалар әлгі ораққа бас-көз. Ал иісі бұрқыраған майса пішенді бытырлата қиған орақтың жұмысы алғашқы кезде қызық болған мен бірер күннен кейін шын қажытады. Қажытқан көп күндердің бірінде ХТЗ-ның ұзын мұржасынан бұрқырап шоқтар ұша бастасын. Ә дегенде аңғармай қалғанмын, әлгі ыстық шоқтың бірнешеуі үстіме жауып кеткені.

Әкелеріміз баста кедей болса да, бейнеткештігінің арқасында сол кездің көзімен қарағанда ауқаттылар қатарында еді. Мұндаға дейін төрт ағайынды олар енші алыспапты. Бір үйде төрт еркек, төрт әйелдің бірге тұруы бүгінгі күн көзімен қарасақ, ерлікке пара-пар іс. Барлығы да үлкені Дайрабайдың алдын кесіп өтпеді.

1973 жылдың қараша айында туған әкем Майлыбайды жерлеу кезінде замандас інісі Сарбала Сарымбетов көзіне жас алып тұрып,

“Тірісінде де үшеуінің жұбы жазылмап еді, о дүниеде де бір зиратқа жамбастары тиді, көңілдері өте дұрыс екен” деп егіле сөйлеген-ді.

Мен Дайрабай және Майлыбайдың баласы болып, екі үйде тел өскен жанмын. Сондықтан ба, еркелігім бар. Дайракең (Кәкем) мені мойнына мінгізіп, түйе болып шағын тамның ішінде олай-бұлай еңбектеп жүретін. Бала кезімнен сіңген болар, осы күні үйге немерелерім келсе түйе, ат болып үстіме мінгізіп, олар да, мен де қуанып қаламын.

Біздер сонау 1930 жылдары салынған мектепте оқып, 7 жылдықты бітірдік. Мектеп қасында әдемі салынған клуб үйі болды. Іші әктелген, қабырғаның жоғары жиегінде латын әрпімен көркем жазылған: “Ленин-Сталин жасасын!” деген сөздер тұратын. Бұл клуб пен мектеп үйі ауыл ақсақалдарының қолдауымен асар арқылы салыныпты. Ұстасы Нәби бопты. Бұлармен жалғас үш бөлмелі колхоз кеңсесі болды. Осында сөйлеп тұрған колхоз бастығы Мәлік Ысқақов пен Бану Махамбетовты, шотын сарт-сұрт қағып отыратын есепші Сансызбай Құлмаханов пен Сәмен Алмахановтарды көрдік. Кейін ол құрылыстар бірте-бірте жойылып кетті. Біраз жылдан соң М.Шотықовтың басшылығымен мектеп оқушылары кесек құйып, мектептің құрылысын бастаған жылы біз жетіжылдықты бітіріп кеттік. Бізден кейінгілер осы екінші салынған мектепте оқыды, бұдан кейін бұл мектеп те оқушыларға тарлық етіп, қазіргі мектеп салынды.

“Мақпалкөл” орта мектебі Қызылорда облысындағы ірі мектептердің қатарында болатын. Мақпалкөлдегі мектепке ауылдан азанғы сағат жетіде шығып, жолай “Шолақарық”, “Бозарық”, басқа да шеңгелі қалың арықтардан өтіп барып ескі мектепке баратынбыз. Кейде сирек те болса Жакеңнің достары Паташ Ысмаханов, елге беделді Мақсұт Нұрылдаев ағайлардың, кейде Берік Демеуовтың үйіне қонып қалатынмын.

1954 жылы алғаш рет паравоздың айқайын есітіп (Жалағашта), бір топ бала қорыққанымыз да шындық.

1954 жылы ағайынды Майлыбай, Сайлыбайдың еккен бақшасы бітік шықты. Қарбыздарының үлкенінің салмағы 28-30 келі, қауын 16-17 келіден келді. Осыны есіткен аудан басшылары Мәскеудегі көрмеге жібереміз деп біздің қауын-қарбыздарды таңдап алып кеткенді. “Күте білсе — жер жомарт” дегендей, күте білсе оның берері мол болатынын осы жолы бала болсақ та сезіндік.

Қауын егу уақытында “Сірбек құмы” маңында Майлыбай, Салықбай, Досан (Шегеші) және тағы басқа ересектер үзілісте әзіл-қалжыңдап, бастан кешкен күлкілі оқиғаларды әңгімелейтін, сол бір әңгімелерді де құлағымыз шалды.

1955 жылдан бастап Сарқасқалардың бірен-саран үйі “Ақтөбе” маңына көше бастады. Ал 1956 жылдан бастап “Көңтөбеден” көтерілді. Сол бұрынғы көршілерімізбен қатар “Арқаш” арығының екі бетіне үйлер сала бастадық. Зәбар, Шәріп, Әбжаппар, біздің үй, Оспан, Әбдібай, Әбділда, Сүлей, Зада, Сарбалалар да келіп қоныстанды. Сол 1956 жылы салынған үйдің орнында бүгіндері немере ағамыз Жамбыл

Балбыровтың үйі бар. Тұрмағамбет ауылында тұратын жиендердің үлкені Әбен Тоғызбаев келіп, 12 мың кесек құйып берді, қалғанын Жамбыл, Жақсан, Жақсылықтар құйды. Гүлсан және мен де халқадарымызша көмектескен болдық.

Ауыл адамдары суды құдықтан ішеді, “Көңтөбеде” Есбергеннің құдығы ғана аумақтағы суы тұщы болатын. Бұл ағай тал, жоңышқа егіп, егін шаруашылығына жетік адам болды. Құдығынан кез-келген адамға су бере бермейді, кейде құдықтың аузы құлыпталатын. Шынында да бір қауым елге бір құдықтың суы жетпейді ғой.

1953 жылы ғой деймін, Үргеніш жақтан Қармақшыға қоныс аударған Нұрлыбек ауылға көк есегіне мініп келіп, оны мейлінше мақтап, бір қойға айырбастап бізге беріп кетті. Кейіннен әлгі есекке мінейік десек мөңкіп мінгізбейді. Ер салдырмайтын “мінезі” бар есек болып шықты. Сөйтсек олар біздерді есекке мінгізіп көрсеткенде көзін көлегейлеп барып мінгізіпті. Біз де бұл әдісті үйреніп, жүйрік есекті көп жыл отын-суға мінуге пайдаландық. Шауып кетсе жүйрік, мал қайырсақ оларды қуып, тістеп, ойға келмес әрекеттер жасайтын. Көк есектің сүйтіп атағы біраз жерге жайылып, №16 ауылдың қадірменді ақсақалдары Қожахмет Смайылов пен Есіркеп Сүйінішов күрелерін қалап алып, біраз жыл мінді.

1929—1930 жылы Жаңаталап колхозын ұйымдастырғанда Балбыр 100 қой, басқалары бір ат, түйе қосыпты. Соншалықты діндәр болмағанмен әкем де, шешем де намаз оқитын. Арнайы мектепте оқымаса да Майлыбай қазіргі әріпте хат танитын.

Сол кезеңдерде елге беделді Әбжәлел, Омар, Оспан, Дайрабай, Төлеген, Сейітжан, Пірман, Асан, Сүлеймен, Көбен, Шайымбет, Есіркеп, Нұржан Жұдырықовтарды білетін едім және олардың сөздерін көп тындадым. Бұлардың көбісі Дайрабай мен Майлыбайдың қатарлары болатын.

1958 жылы қармақшылық Үбісұлтан Аяпов, 1966 жылы Әлқуат Қайнарбаевтар Дайрабай мен Майлыбайды іздеп келіп, әңгімелесіп кетті. Осында Үбісұлтан жырауға әкем мал сойып, қонақ етіп отырғанда, мен оның есегіне қураған шөптен беріппін. Далаға шыққан Үбекең “баламау, әкең мені сыйлауда, мұның қалай”, деп ұялтқаны бар.

Пішен орып, есек, түйе, кейіннен автокөлікпен сексеуіл әкелуші едік. Ахмет Құлманов, Өскімбай Бодашов, Жарылқасын, Дұрманқожа сияқты қызық мінезді, күлкілі адамдарды да көрдік. Арық қазып, шеңгел шаптық. Өзіммен қатар бірге ойнап, балалық, жігіттік шақты бірге өткізгендер Зордан, Қаһарман, Жақыпбек, Нұрлыбек, Сәбит, Кахар, Аманқос, Темірбектер болды.

Армияда 1962—1965 жылдары Темірбек Боқанов, Тұрақ Омаров, Әбділда Сәрсенов, Қырғызбек Қолдасовтармен сырлас, пікірлес болып, олармен бүгінде де отбасымызбен қатысып тұрамыз.

Жақсылықтың кіндік шешесі — Бешпент пен Мамық. Гүлсанның кіндік шешесі — Балқұсын, менің кіндік шешем — Дәме әжем. Жібектің

кіндік шешесі Мамық, Жәкүлдің кіндік шешесі Күту, Егемжардың кіндік ағасы Сәнуар Сырлыбаев.

Гүлсанның Мырзаханы 1960 жылы, Әлия 1960 жылы май айында туылды. Айнұр 1968 жылы 5 майда туылды, кіндік шешесі белгілі дәрігер Егорова. Айдархан оны Қызылордада 4 курста оқып жүргенде босанды. Нұргүл 1970 жылы 17 ақпанда Тереңөзекте туды. Кіндік шешесі Күләш Өтепова (дәрігер), Гүлмира 1972 жылы 10 қарашада Тереңөзекте туды, кіндік шешесі Вера Донская. Әсия Тереңөзекте 1980 жылы 17 маусымда туды, кіндік шешесі Вера Донская (дәрігер) мен Құралай.

Балалық шақта өскен жеріміздегі әрбір төбе, көл, сай кезгеніміз, құмтөбеде жабайы жуа тергеніміз, кең жармалардағы суда бір-бірімізге су шашып, асыр сап ойнағанмыз еске оралады. Сол кездегі бізден ересек және біз қатарлы балалардың далада ойнайтын ойындары ақсүйек, доп таяқ, асық ойнау, қыста коньки тебу болса, үй ішінде той-шілдеханада: хан жақсы ма, тобық, дүре сокпай, т.б. ойын түрлері еді.

Жер-су аттары көңілімізде бүгінгідей сайрап тұрғанмен олардың тарихын ұмытып бара жатқанымыз өтірік емес. Біз көрген “Құттыбай”, “Қондыбай мұнарасы”, “Қоқаш”, “Сірбек” құмдары, “Тұздың көлі”, “Көпмола”, “Іздібай”, “Бала кеткен”, “Қырықжайын” т.б. атаулар бүгінде де солай аталады. Алайда менің қолыма 1870 жылдарда шыққан кітапта “Құттыбай” құмы маңында Құттыбай атты ащы көл болғандығы (онда тұз болған), оны сол жергілікті тұрғындардың асқа пайдаланатыны айтылыпты. Сол бір кездегі “Құттыбай” көлі атауы өзгертіліп, “Тұздың көлі” аталуы мүмкін. 1950 жылдары ірі-ірі тұз бөлшектерінің қалдықтарын көрдік.

Балалық балғын шақта көргенімді, ойға түйгенімді халқыма аздық-көп бергенімді таразылап, саралаймын кейде. Бәрінен де балауса балғын шақ пен студенттік өмірдің нағыз алтын уақыт — ұмытылмас кез болғаны еске түседі. Өткен өмір жолдарымнан бүгінгі жолымды көргім келді.

1953 жылдың маусым айының аяғына таман “Іздібайда” отырған шөпшілер ауылына 8 орындық жеңіл көлік келіп тоқтады. Одан колхоз бастық Қоржынбай Бимаханов пен шолақ жең көйлекті, шағын денелі бір кісі түсті. Ат басын біздің киіз үйге қарай бұрып, сәлем беріп 2-3 кісі кіріп келді. Бала болсақ та шәй үстіндегі әңгімеден аудан шаруашылықтарындағы көп мәселелерді шешетін адамның бірі Ләтіп Райысов екенін білдік. Ол Жалағаш аудандық атқару комитетінің төрағасы болып шықты. Жаз жайлауда елде көшпелі сот мәжілісі өтіп, оған қатысушылар ішінде елге есімі кең жайылған білгір адвокат атанған Шәмші Байқазақов та бірге жүр екен. Кіріп-шығып жүргенде бар әңгіменің Шәмші ағаның алдынан өріліп жатқанын байқаған едім.

Ауыл қарттарының ішінде өзі шағын денелі болса да, үлкендердің көбі қаймығатын Қожахмет Смайылов тауып та, шағып та айтатын. Сонысынан күрдастары “Зәр балға” атандырған. Тағы бір қария

Әбдірашит Сарымбетов аңқаулау болса керек, бірде қонақта отырғанда құрдастары әзілдеп, “мына Махаңның мұрнын боқтасаң қызыл 10 сомды береміз, бірақ сен боқтауға қақың болса да боқтай алмайсың” деп қайрайды. Құрдастарының қайрауы демесең ол кездегі 10 сомдық көп ақша боп па? Әбекең “Оның мұрнымен қоса аузын пәленше етейін” дегенде бағанадан бері осы әңгімені үндемей тыңдап отырған Махамбетияр “мұрын-мұрын, ал аузымда нең бар?” дейді. Сонда Әбдірашит “боқтағасын аузы не, мұрны не, бәрібір ауызға барады” депті. Ақыры отырыс арты ренішке ұласып, кейіннен Әбекең бір шекпенді ағасының иығына айыбы үшін жауып, бір мал сойып тағы шығындалыпты. “Аңдамай сөйлесең ауырмай өлесің” деген осы болар.

Сол кездегі ауыл адамдарының бір-біріне деген қамқорлығын айтып жеткізу қиын-ау. Біз оқудамыз, ауылға келгенде қой бағу кезегіне қатарынан 2 күн қой бағып, әкемнің кезегін жеңілдетем. Мен жоқта қой кезегін ауылдағы Қаржау бағады. Қой бағу кезегінің Макеңе үлкен қиындық туғызып отырғанын көріп жүрген Әбжаппар, Сарбала және басқа кісілер ақылдаса келіп, Майлыбайды қой бағу кезегінен шығарып қамқорлық жасаған.

Гүжілдеп сөйлейтін Байжанды, Әзірет-әлінің ойынын көрсетемін деп жүретін батыр Өскімбайды, теке болып бақылдайтын Жарылқасынды, артына қарай жүгіретін Ахметті, елге қадірменді Әлмембет пен Бусарыны, Қаракұлдың Есбергенін, Байділдәні, Жалдықараның Есін, т.б. көріп, әңгімелерін тыңдадық. Мырзабай, Шайымбет, Әбжәлел, Омар, Әбіләкім, Махмуд, Тананың Ысқағын, Оспан, Достың Кіребайы, Тәуіпбайдың Төлегені, Байкөбектің Көбені, Күзердің Салықбайы, Досан (Шегеші), Жолмырза, Нұржан, Желдірбай, Қалман, Сүлей, Есіркеп, Асан, Бабағұл, Демеу, Әбілтай, Құрманбай, т.б. үлгі тұтып өстік.

Көп жыл “Жаңаталап” колхозын басқарған Әбжәлел Қожабаев мені көрген сайын “нағашың Уәлібектен аумады екенсің” деп маңдайымнан сипайтын. Бұл оның Уәлібек ағама деген құрметі екен ғой.

1950—1970 жылдар арасында біздер көрген ауыл адамдарының көбінің, әсіресе қариялардың иманжүзділік ерекшелігі байқалатын. Бір үйге қонақ келсе, шақыру күтпестен баратын. Үй иесі оларды неге келді деп жатырқамайтын. Олар жиналған жерде хисса, дастандар оқылып, араларында жырау болса, жыр жырланатын. Сондай төкпе де, ақпа жырау Әбілда Жүргенбаевтың “Көрұғлыны” жырлағанын тыңдаған едім. Жоғарыда аты аталған қариялардың өкшесін басып жүрген М.Ысқақов, С.Құлмаханов, Б.Мәмбетов, А.Рахметов, Ш.Басаров, С.Нахаев, Ә.Сүлейменов, Б.Махамбетов, К.Байниязов, М.Нұрылдаев, М.Шотықов, Т.Төлегенов, тағы басқа аты аталмаған абзал ағалар легі көп болатын.

Жалпы №16 ауыл адамдары келген қонақтарға ат қойғыш болған. Соның бір нақты мысалы тылдағы әскерге алынып бара жатқан

Ақшаппа және Ұлмаш (1943 ж.) ел азаматтарына арнау жыр шығарыпты. Арнау да нақты теңеулер берілген.

...Шайкең (Шәйімбет) жүрген жері той секілді,

Жүмекең (Жұмаш) көкке тойған қой секілді.

Көбекең (Көбен) сатқак болған ат секілді,

Омекең (Омар) бақал сатқан сарт секілді.

Майлыбай атқа мінсе бес кісідей,

Жалмахан жаман тонның ескісіндей.

Сарбала шикіл сары кімге дәрі?

Сайлыбай сала құлаш онан әрі.

Махаты құйып қойған қорғасындай,

Жетесі қарайғырдың жорғасындай.

Мәлқайдар сұлу қыздың сырғасындай,

Есқазы диуананың дорбасындай.

Ботабай жас ботадай талтаңдайды.

Бәнужан оған қарап жалтаңдайды.

Әбжәлел үзеңгісін ұзын таққан,

Қартаңбай қызды көрсе қасын қақан.

Сансызбай бірде сулық, бірде майлық,

Сәменнің ойлағанының бәрі қулық.

Ғажап, сырттан ит адамның шынында досы болуы керек. Бекберген балаларының қай-қайсы да жаман тұрған жоқ, төрт түліктің бәрі болды, оған қосымша сырттан ит, тазы, бүркіт те ұстады. Менің сол кездегі аңғарғаным небір қабаған иттер болса да, түннің бір уағында барған балаларға “қаңқ” етіп үрмейтін. Ит дегеннен шығады, 1989 жылы (Тереңөзекте тұрғанда) Наурызбек Қартбаевтың өзімен құрдас қызы күшік көтеріп шыққанын көрген Әсия маған бер деп осы күшікке таласты. Көршім Наурызбек Әсияға осы күшікті сыйға берді. Балаларым оған Алапар деп ат қойды. Күшікті Әсия мен Гүлмира асырады. Далада сәкінің үстіне жатады. Қатты суықта сондағы жамылғыштардың арасына кіріп алатынды шығарды. Өте жүректі ит еді.

Алматыға көшетін болып, осы итті тастап кетейік деген ойда жүрдік осыны сезгендей Алапар жүк тиелген “КамАЗ-дың” астынан шықпай, маған мұңая қараумен болды. Ақыры көшпен бірге Алматыға алып келіп, көп қабаттан алған үйіміздің тар дәлізінде ұстадық. Далаға шыққысы келсе есікті тырнап, бізге белгі береді, үйге келерде терезе тұсында үріп, сыртқы есікті ашындар дегендей хабар береді. Өзімізбен 5-6 жыл бірге тұрған кезінде ешқашан үйді бүлдірген емес.

2000 жылдың 3 наурызында азанда мені автобусқа шығарып салып, сол кеткеннен мол кетті. “Жақсы ит — өлімтігін көрсетпейді” демекші, өлігін көрсетпеген болар.

“Мақпалкөлде” оқығанымда жаңадан көптеген достар таптым. Осы сияқты жылы жүзді кластастар №31 мектептен де жолықты. “Мақпалкөл” мектебінде мектеп директоры Кәрбоз Серікбаев, мұғалімдер Қ.Сәрсенбаев, Ә.Садықов, Р.Ысқақов, Ш.Төлегенов,

Ж.Майлыбаев, А.Қожахметов, Ш.Кунтуаров пен Сабыр ақсақал ұстаздық етсе, Жалағашта Ә.Еркебаев, Қ.Қосжанов, О.Әбжаппарова сияқты мұғалімдер, мектеп директоры Т.Сүлеевтердің аз-кем алдын көріп, білім алдым. Қанша дегенмен аудан орталығындағы мектеп қой, ысыла түскендігімді сезіндім. Кейіннен Қызылордадағы киномеханик курсың бітірдім. Әскерде қызмет еттім.

Осынау бес мүшелді жасымда әрбір жас өтетін кезеңдердің бәрінен де өтіп келемін. 60 жасқа келген мүшел тойымды “Дөйт” атты мейрамханада өткіздім. Сонда сыйластардың көбінің басы қосылды. Тост кезінде Сара Латиева “Достар мен Тынышбекпен төрт жыл бірге оқыдым. Аты Тынышбек болса да, ол тынымсыз болды. Азанғы сағат жетіде бізді оятатын. Шын мәнінде қазақты ұйқыдан оятатын Тынышбектей адамдар керек екен. Тынышбекті жақсы көргенім де рас, айтқан сөзімнің бәрі рас” деп тойда отырғандарды бір күлдірген болатын.

Сүрінген, қайта тұрған, биікке көтерілген кездерім аз емес. Дей тұрғанмен, білгенімнен білмегенім көп, көргенімнен көрмегенім көп екені де рас. Орыстың “қанша өмір сүрсең, сонша жыл үйренуде боласың” деген қанатты сөзі орынды айтылған сияқты.

Әскерден пойызбен Алматыға келіп, білімге ұмтылғандар қатарында емтихан тапсыра бастадым. Ауылдасым Әбдібай Уәлиев және Қуаныш Ысқақов та талапкер екен. Үшеуміз үй жалдап тұрдық. Осы жолы бағым жанып, КазГУ-дың журналистика факультетіне қабылдандым. Бұл тұста әскерден келгендігімнің де септігі тиді-ау деймін.

Жолым болып, Қазақстандағы жалғыз университет — КазГУ-ге түскен қуанышымда шек жоқ. Бірге оқуға түскен достар: Жолбарыс Әбішев, Сәлім Меңдібаев, Сақтаған, Қажытай Ілиясов, Қаржаубай Омаров, Жарасқан Әбдірашев, Бақытжан Қабылтаев (Әзірбаев), Ақкөл Отарбаев, Сүлеймен Тоқсанбаев, Сара Латиева, Шәрбану Бисенова, Сейітқазы Досымов, Омархан Қамбаров, Социал Әйтенов, Ұзақбай Төлебаев, Төлеухан Оразбеков, Қуаныш Тектіғұлов, Айтқали Нұрғалиев, мен, Аманбек Рахымбаев, Мұрат Күлімбетов, Дастан Мұқанов, Ырым Кененбаев, кейіннен 2-курстан Сейсен Мұхтарұлы, Мағира Қожахметова, Иллахун Ушуров, әскерден оралып оқуын қайтадан жалғастырған Әбді Шынбатыров, Манар Құрманбеков, Құрманғазы Мұстафин (Қараманұлы), Пернебай Дүйсенбин бізбен бірге оқуын жалғастырды.

Университетте тарих ғылымының докторы, профессор Қайыржан Нұрғожаұлы Бекхожин, журналистика факультетінің деканы Тауман Амандосов, профессорлар Темірбек Қожакеев, Зейнолла Тұрарбеков, Әбілпайыз Ыдырысов, Л.В.Сагалович, т.б. көптеген ұстаздар білім берді. Ұстаздарымыздың білімі ұшан-теңіз. Университет бітірерде М.О.Әуезов атындағы өнер институтына жолдама берген де марқұм, журналистика кафедрасының меңгерушісі Қ.Бекхожин болатын. Ол